03.10.2022
Тексерілді [signature]

# Циклограмма
**І-апта (03-07 қазан 2022ж.)**
**«Балдырған» тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.10.2022 | Сейсенбі 04.10.2022 | Сәрсенбі 05.10.2022 | Бейсенбі 06.10.2022 | Жұма 07.10.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу** | Балалардың балабақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау.<br>Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)** | Отбасылық фотосуреттерді қарастыру.<br>Туысқандары туралы әңгімелеп беру . | **Үстел үсті ойыны № 42:** «Үйшік құрастыр» (танымын қалыптастыру) | **Саусақ жаттығуы. «Үшты талдан жапырақ»**<br>Үшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді. | Дамытушы ойындар «Лего», «Мозайкалар» (саусақ бұлшық еттерін дамыту) | **Саусақ жаттығуы. «Жаңбыр жауса – тұрмайық»**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық.<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>Жамылып, отырайық |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **№3-ші таңертеңгі жаттығу кешені «Сылдырмақтар»** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ересектің бақылауымен беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>**Тазалықтың** досы,<br>Су деген осы. | | | | |
| **Ойындар,** | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық** | **Д/о №13:** «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» (танымын қалыптастыру) | - Қош келдің, Алтын күз! Алтын жапырақты күз! Біздің қолдарымыз жапырақтардай. Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай. (көркем әдебиет) | **К/ойын № 33:** «Көлеңке» (балалардың қимыл-қозғалысын, ойлау қабілетін дамыту.) | **Д/ойын № 48:** «Сәулені киіндір» (күз мезгіліне байланысты киімді таңдай білуге үйрету ) | «Ертегілер елінде» тақырыбында жеке әңгімелер. (сөйлеуді дамыту) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру Музыка** | | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** |
| | Алма ағашы «Жемістер жыры» Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. айтылған өлеңді қайталап айтуын үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Дидактикалық ойын №21:** «Жоғары-төмен» **(танымдық ойын әрекеті)**<br><br>«Ағаштағы алмалар» **(мүсіндеу)** | Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру. **Қ/о №5:** «Допты қуып жет»<br><br>**Дид/о №15:** «Сиқырлы қапшық» (жемістер мен көкөністер) Сұрақтарға жауап беру аясында байланыстырып | «Үйшік» ертегісін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу, дербес қимыл жасауын дамыту **(құрастыру)**<br><br>Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар **(сенсорика)** | Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: гимнастикалық скамейканың үстімен жүру **Қ/о №8:** «Допты ұста» **Дидактикалық ойын №23** «Қай ертегіден» Суреттерді көрсету арқылы қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеу дағдысын дамыту **(көркем әдебиет)** Суреттегі ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын табу, ойнау, дауыстарын | Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге үйрету. **Қ/о №12:** «Допты қақпаға түсіру»<br><br>Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салуды пысықтау. **(көркем әдебиет)**<br><br>біртекті ойыншықтардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөйлеуді үйрету **(сөйлеуді дамыту, қоршаған орта)** «Ыдыстағы көкөніс» **(жапсыру)**<br><br>**Музыка** (маманның өз жоспары бойынша) | | келтіруді жетілдіру **(сенсорика)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды орындауға талпындыру. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру. **(сенсорика)** |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** |
| **Серуен** | **№5кешен**<br>-Ағаштарды бақылау<br>- серуен кезінде тәрбиеші балаларға жасыл, сары, қызыл жапырақтары бар ағаштарды таңдап алып: Балалар, қараңдаршы, қандай тамаша сәнді ағаштар. Бұл ағаштың жапырағы жасыл, ал мына ағаштардікі сары, қызғылт екен – деп балалардың назарын ағаштарға аудартады.<br>Д/ ойын: Ағаш жапырағының түстерін айырады, атайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркемсөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету)**<br>Бірлік берсін басыңа,<br>Береке берсін асыңа.<br>Әумин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**<br>Бесік жыры «Әлди әлди бөпешім» әнің музыкалық құралдан тындату | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсак жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяк киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.<br>**Ұйқы ашар жаттығу №3** кешен | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>**Ойын жаттығу:**<br>Асықпай іш тамақты.<br>Жалама ыдыс аяқты. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Д/ойын № 49:**<br>«Жемістер мен көкөністер».<br>**(тілін, ой-өрісін, есте сақтауын дамыту)** | Қ/ойын № 29 «Шар жарылды» (қол ұстаса шеңбер жасап тұруға үйрету)<br>**(дене шынықтыру)** | Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдауын ұйымдастыру. Ертегі желісі бойынша шалқан суретін салу дағдыларын **(Сурет салу)** ермексаздан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>**(Мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы. «Құлыптар»**<br>Саусақтарды ойнатайық,<br>Бір-біріне уқалайық.<br>Арасына өткізіп,<br>Мықты құлыптар жасайық. **(тілін, қолдың моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру)** | Үстел үсті театры «Менің отбасым» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Ермексаздан шамасы бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. "Жапырактар". | Балалармен ойын «Ғажайып корапша» (сөздік корын байыту.) | Алимен саусақ жаттығуы. «Ұшты талдан жапырак». Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. (тілін дамыту) | Софияға ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауға үйрету. | Балалармен ойын «Жұптастыр» (шардың түсін ажыратуға үйрету.) |
| **Серуенге дайындык** | Киімдерін реттілік сактап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. Таза ауада кандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | К/о №1: «Коңырау кайдан естіледі?» (есту, байқампаздық кабілетін дамыту) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер | К/о №8: «Допты ұста» (дене шыныктыру) Балалардың дербес әрекеттері | К/о №2: «Кішкене өзен аркылы». (дене кимылын калыптастыру) Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар | К/о№16: «Тышкандар мен мысық» (ұйымшылдыкка тәрбиелеу) Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері | К/о №6: «Мені куып жетіндер» (шапшаң дербес кимыл әрекетке үйрету) Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар |
| **Балалардың үйге кайтуы** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабакшаға апару және балабакшадан алу кезіндегі әрекеттері" | Балалардың жетістіктері туралы айту. | Күз жайлы өлеңдерін үйде кайталау. | Ертегілер кітабын бірге карауға кеңес беру. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**Циклограмма**
**II апта (10-14 қазан,2022ж.)**
**№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының «Балдыран» тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 10.10.2022 | Сейсенбі 11.10.2022 | Сәрсенбі 12.10.2022 | Бейсенбі 13.10.2022 | Жұма 14.10.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.**(сөйлеуді дамыту-коммуникативтті іс-әрекет)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау,тәрбие,баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу,жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | **Д/о «Не артық» №3 (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)** | **Д/о: « Сиқырлы суреттер»№14 (коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Саусақ жаттығуы:** «Қимылды қайтала» Әр түрлі қимылдармен саусақтарын қимылдатады. | **Дид/о: «Гараждар» №10 (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)** | **Саусақ ойыны «Шалқан» (коммуникативтік, ойын әрекеті)** |
| Таңертеңгі жаттығу | **Жаттығулар кешені №3 (1-2 апта) «Сылдырмақ»** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,өзіне-өзі қызмет ету әрекеті)**,өз орнын тауып отыру.Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды,тамақтанған кезде аузын жауып отырып,асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| | «Ас ішу тәртібі» (Әңгіме) | «Нан болмаса,ән болмайды» (Мақал) | «Таза қолдар» (Ойын жаттығу) | (Дастархан басында өзін ұстау мәдениеті) | «Ас адамның арқауы» |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық** | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | **Қ/О«Ұшты-ұшты» №20 (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Д/О«Жоғарыда-төменде» №21 коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті** | **Қ/О«Күн мен жаңбыр» №4 (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Д/О«Көзіңді жұмып,қолыңмен анықта» №19 (Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Ойын «Сымсыз телефон» (Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру<br>Музыка** | | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** |
| | Тәрбиеші балаларға «Ғажайып қалта» ойынның ойнауға ұсынады. Ойынның шартын түсіндіреді қалтада көкөністер мен жемістер болады. Балаларға көкөністер мен жемістерді бір-бірлеп алғызады. Аттарын айтқызып,көкөніс не жеміс екенін ажыратып беруді сұрайды. «Қандай?» деген сұраққа жауап берлерін сұрайды. Олардың үлкен-кішкентай, тәтті-ащы екенін, түстерін және қайда өсетінін айтады, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйретеді. Дыбыстық жаттығу жасау.<br>Ті-ті-тәтті.<br>(коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)<br><br>**Қ/О: «Кім жылдам» № 27**<br>Шашылып жатқан көкөністерді және жемістерді жинайды. Шапшандылыққа,жылдамдылыққа үйретеді. Кім | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**1. Негізгі қимылдар:**<br>Қолды шапалақтау;<br>Бір қалыпты жүгіруге үйрету.<br>**Қ/о: «Мені қуып жетіңдер»№6**<br><br>Күләш Ахметованың «Алтын дән» өлеңін мәнерлеп оқимыз:<br>Жатыр дала жалтылдап,<br>Жаз шуағын мол құйды.<br>Күн астында алтын дән,<br>Тербелейді,толқиды<br>Толқысыған,тасқындай<br>Көкжиекпен ұштасып,<br>Күн астында ақ бидай<br>Билейді қол ұстасып.<br>Сұрақ-жауап арқылы түсіндіру. – алтын дән дегеніміз-сап сары болып өсіп тұрған бидай.<br>Астықты күзде жинайды. | Балаларға күз туралы тақпақ оқып беру.<br>Қызыл,сары, жасыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>О, Алақай, тамаша!<br>Шашу шашты жапырақ.<br>(сөйлеуді дамыту)<br>**Д/О: «Әдемі кілемшелер»№9**<br>Балалар әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін алақан арқылы салып көрейік.<br>–Міне, мынау-сары, қызыл бояулар. Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне жапырақтардың бейнесін салады..<br>(сурет салу) | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**1. Негізгі қимылдар:**<br>Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру<br>Шашырап жүгіруді үйрету.<br>**Қ/О: «Күн мен жаңбыр» №4**<br><br>**Д/О: «Көзіңді жұмып,қолыңмен анықта» №19**<br><br>**Д/О: «Не артық»** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**1. Негізгі қимылдар:**<br>Ересектердің көмегімен велосипедтен түсуді үйрету.<br>**Қ/О: «Допты домалат» №18**<br><br>**Д/О: «Мынау қай пішін» №11**<br>**Қ/О: «Күн мен жаңбыр» №4** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көп тез жинаса сол женеді.<br>**Д/О:«Дұрыс сал» №16**<br>Балалар алманың суретін жапсырады. | сіп тұрған бидайды комбайн орып,астықты жүк машиналары қамбаға тасиды. Алтын дән ақырында дастарқанға ас атасы-нан болып келеді.<br>(Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>**№15 «Сиқырлы суреттер»** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, катармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен кешені №6** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Шкафтарын тауып көрсетуге, балалардың реттілікпен киімдерін шеше білуге баулу, дербес ойын әрекеті.<br>**Артикуляциялық жаттығу( медбикенің нұсқауымен)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі.<br>**Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу,сүлгінің орнын білу,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану)<br>**Тамақтану (**өз орнына отыру,дұрыс отыру,ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенд сөйлемеу,алғыс айту)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату,жасау,ұйқыға жатқызу ( **тыныш музыка тыңдау)** .Ертегі айту,кітап оқу **(көркемдік қызмет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығу №6** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс;әдеп ережесі.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру,дұрыс отыру,ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу,алғыс айту) | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Д/ойын:<br>«Бұл қай кезде болады?»<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажырату. | Суретті кітапшаларды бояу,мозайкалар құрастыру. | Үстел үсті ойыны:<br>«Кім не істеп жатыр?» | **Ойын:** «Моншақтар тіземіз»<br>**Мақсаты:**<br>Түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасы дамыды. | ***Ойын:***<br>***«Кім сені шақырды, тап»*** |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Софияны қасықты оң қолмен дұрыс ұстауға үйрету. | Балаларға қимылды ойындардың ережелерін сақтауға үйрету. | Диананы дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. | Айзереге тазалық шараларын үйрету. | **Әңгіме құрастыру**<br>Отбасы туралы әңгімелеу.<br><br>Баланың сөздік қорын байыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну,серуенге шығу.Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау,ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау**(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары,үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Балалармен жеке әңгімелесу: «Отбасында кімдер тұрады?», «Сен жақсы көретін ойыншығың қалай атала | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:** «Не жүреді және ұшады?» **Мақсаты:** Түрлі қимылдар жасауға машықтанады ды» жіне т.б. **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** | **Қимылды ойын:** «Допты қағып ал» **Мақсаты:** Допты лақтыру мен қағып алу дағдыларын меңгереді. **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** | Жыл мезгілдері тура әңгімелесу **Мақсаты:** « Күз» мезгіліне байланысты суреттер карастыру **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет** | **Қимылды ойын:** «Кім жалаушаға жылдам жетеді?» **Мақсаты:** Жалаушаға шапшаң жетуге дағдыландыру. **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** | **Д/о**: «Мен бастаймын сен аяқта» **Мақсаты:**Сөздегі дыбыстарды, сөздерді дұрыс айту. **коммуникативтік әрекет** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу. | Балалармен топтағы ойыншықтарды жинау. | Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналармен әңгімелесу | Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | Балаларды үйге сұрануға үйрету. «Сау болыңыз!» |

17.10.2022ж
Тексерілді [signature]

# Циклограмма
## III-апта (17-21 қазан 2022ж.)
## «Балдырған» тобы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17.10.2022 | Сейсенбі 18.10.2022 | Сәрсенбі 19.10.2022 | Бейсенбі 20.10.2022 | Жұма 21.10.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу** | Балалардың балабақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)** | «Менің айтуым бойынша» (суреттеп айтқан баланы табуға үйрету) | **Д ойын № 22:** «Сынарын тап» (танымын қалыптастыру) | «Торт шеңберін безендірейік» үстел үсті ойыны. (қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту) | Дамытушы ойындар «Лего», «Мозайкалар» (саусақ бұлшық еттерін дамыту) | Суретпен әңгіме: «Ас атасы нан» (тілін дамыту) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **№4-ші таңертеңгі жаттығу кешені** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ересектің бақылауымен беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның дәмдісін-ай!<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ... | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық** | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | **Өлеңді айтқызу:**<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала - бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>(қоршаған орта) | Д/ойын № 27: «Дауысын қайтала» (Есте сақтау қабілетін зейінің дамыту.) | Бауырсақ ойыншығымен ойнату:<br>Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br>(көркем сөзді айтуға ынталандыру) | Тықыр-тықыр тықырлап,<br>Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден тесіп.<br>Көрейік оны, барлап. | **Д/о №35**: «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» (танымдық әрекет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (эмоционалды жауап беруге баулу) | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру Музыка** | | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** |
| | Топқа торғай ұшып келеді: балаларға өзінің тоңғанын айтады. Тәрбиеші балаларға ұя жасап беруді ұсынады **(құрастыру)** Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** **Қимылды ойын №20:** «Ұшады-ұшпайды» **(қоршаған орта)** | Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту. **Қ/о №8:** «Допты ұста» (белгі бойынша жүгіру) **Дидактикалық ойын №24:** «Жемістер мен көкөністер» **(сөйлеуді дамыту)** Қағазға салынған банка ішіне дайын жеміс суреттерін орналастыру **(құрастыру)**<br><br>**Музыка (**маманның өз жоспары бойынша) | Топқа мысық келеді. Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Олардың да мысығы бар ма сұрау. Жеке балалардан әңгімелеп беруін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** Мысықтың дене бөліктерін ажыратып және атай білуін пысықтау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Мысықтың немен ойнағанды жақсы көретінің сұрап, ирек сызықтар арқылы түрлі-түсті жіптер салу **(сурет салу)** Жіп орап жарысып ойнау **(қолдың моторикасын дамыту)** **Қ/о №16:** «Тышқандар мен мысық» **(шапшаңдыққа тәрбиелеу)** | Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: тақтайдың үстімен (20 сантиметр) аттап өту. **Қ/о №4:** «Күн мен жаңбыр» **Дидактикалық ойын №14:** «Сиқырлы қапшық» **(сөйлеуді дамыту)** Жемістер мен көкөністерді сипап сезу арқылы ажырату **(сенсорика)** Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстарды орындауға талпындыру. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар Үшдөңгелекті велосипед тебуге үйрету; ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру. **Қ/о №20:** «Ушты-ушты» **Дидактикалық ойын №13:** «Үй жануарларының төлдерін тап»<br><br>Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салуды пысықтау. **(көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен** | **№7 кешең**<br>-Жапырақтардың түсуін бақылау<br>-Балаларға ағаш жапырақтарының түсуі туралы түсінік беру.<br>Ағаштарды бақылаудан бастаймыз: Жапырақтар қайда өсіп жатыр?<br>Олардың түстері қандай?<br>Тәрбиеші ағашты сілкіп, жапырақтарды жерге түсіреді. Одан кейін:<br>Жапырақтар қайдан түсіп жатыр? Жапырақтар неден ұшып жерге түсті?<br>Көркем сөз: Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан, алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімде.<br>Көз тартады атырап.<br>Еңбекке баулу: Ауланы сыпыру, жерге түскен жапырақтарды жинау. Үлкендерге көмектесуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркемсөз қолдану<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету)**<br>Бірлік берсін басына,<br>Береке берсін асына.<br>Әумин |
| **Түскі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Ерте ерте ертеде» ертегі айтып беру **(көркем әрекет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(**мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>**Ұйқы ашар жаттығу** №4 кешен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>**Ойын жаттығу:**<br>Нан-тамақтың атасы<br>Ынтымақ-көптің батасы. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | «Піскен бауырсақтар». (көлемі бірыңғай, домалақ пішінді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына орналастыру, балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; балалардың күз мезгілінің өзгерістері мен нәтижелі іс-әрекетке деген қызығушылықтарын ояту; нанды құрметтеп, кастерлеуге және аяққа баспауға тәрбиелеу) | «Пішіндер бойынша жұптарды жина» **дидактикалық ойыны.** (балаларды пішіндерді ажыратуға үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту) | «Жапырақтарды жинайық» **дидактикалық ойыны.** (балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, үш себетке салуға үйрету) | **«Жуыну әні» атты мультфильмін көру.** (мультфильмдегі бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру) | «Бауырсақ кімнен қашты» **дамытушы ойыны.** (балалардың білімдерін "Бауырсақ" ертегісінің желісі жөнінде пысықтау, тиянақтау) |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Балаусаға ермексаздан шарды илеу амалын игерту. «Бауырсақ» (шығармашылық дағды) | Көзайымға тақпақ айтқызу:<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау,<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(сөздік қорын байыту) | Кристина мен Наргизге заттарды түсі бойынша топтастыруға үйрету. (танымдық іс-әрекет) | Диана менАйзереге мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға үйрету. | Софияға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. (шығармашылық дағды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | **Қ/о №6** «Мені қуып жетіңдер» (шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу)<br><br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | **Қ/о №8** «Допты ұста» (дене шынықтыру)<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | **Қ/о №3** «Поезд». (дене қимылын қалыптастыру)<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | **Қ/о №2** «Кішкене өзен арқылы». (дене қимылын қалыптастыру)<br><br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | **Қ/о №13** «Допты кәрзенкеге түсір» (дәл көздеу)<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Әңгімелесу: «Тамақтану рәсімін игертудің маңызы» | Ата–аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу | Әңгімелесу: «Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары» | Балаларды үйге сұрануға үйрету. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

24.10.2022 ж
Тексерілді

Циклограмма
IV апта (24-28 қазан,2022ж.)
№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының «Балдырған» тобы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 24.10.2022 | Сейсенбі 25.10.2022 | Сәрсенбі 26.10.2022 | Бейсенбі 27.10.2022 | Жұма 28.10.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.**(сөйлеуді дамыту-коммуникативтті іс-әрекет)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау,тәрбие,баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу,жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | **Д/о «Не артық» №3**<br>**(коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)** | | **Саусақ жаттығуы:** «Қимылды қайтала»<br>Әр түрлі қимылдармен саусақтарын қимылдатады. | **Қ/О«Күн мен жаңбыр»№4**<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Ойын «Сымсыз телефон»**<br>**(Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті)** |
| Таңертеңгі жаттығу | **Жаттығулар кешені №4 «Сылдырмақпен» (3,4-апта)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,өзіне-өзі қызмет ету әрекеті)**,өз орнын тауып отыру.Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды,тамақтанған кезде аузын жауып отырып,асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| | | | | | |

| Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Д/о: «Қуыршақ конаққа дайындалуда»**<br>**№25**<br>**Мақсаты:**<br>**Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажырата біледі.** | | **К/О«Күн мен жаңбыр»**<br>**№4**<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Д/О«Көзіңді жұмып,қолыңмен анықта»**<br>**№19**<br>**(Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті)** | **Саусақ ойыны**<br>**«Шалқан»**<br>**(коммуникативтік, ойын әрекеті)** |
| | | | | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **"Торғай не істейді?" ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп (отыр, ұшты, шоқыды) немесе қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру)<br>Балалар, сурет көрсетілген және сұрақтар қойылған кезде, жауаптарды қайтарады<br>- Торғай бізбен ойнайды,<br>Торғай бізден сұрайды:<br>- Мен не істедім? | | Балаларға қуыршақтар таратып беріп, бүгін киімдер дүкеніне баратынын айтады.<br>«Киімдер дүкенінен» қуыршақтарына киім сатып алып берулерін өтінеді. Балалар дүкенге келіп:- Мен мына киімді аламын, - деп сатып алады. Қандай киім сатып алғанын, оны не себепті алғанын, (ұл баланың, қыз баланың киімін) және түстері туралы әңгімелейді. Балаларды сұраққа жауап беруге, әңгімелесуге тартады.<br>(сөйлеуді дамыту)<br>**Д/О: «Не артық» №3**<br>Дайын көйлекке дөгелектер салу. | **Дене шынықтыру.**<br>1.Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>2.Негізгі қимылдар<br>30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**К/О: «Допты домалат» №18**<br>Е. Елубаевтың «Ала мысық» өлеңін оқып береді. | **Дене шынықтыру.**<br>1.Жалпы дамытушы жаттығулар<br>2.Негізгі қимылдар<br>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету жалғастыру.<br>**К/О: «Тышқандар мен мысық» №16**<br>"М. Мақатаевтың "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жауап беріңдер,<br>Орындарыңнан тұрып, көрсетіңдер.<br>(коммуникативтік)<br><br>Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды.<br><br>(сурет салу) | | (сурет салу) | Беті-қолын жуады.<br><br>Тышқандарды қуады,<br><br>Тазалықты сақтайды,<br><br>Апам оны мақтайды.<br><br>- Балалар, мысық қалай дыбыстайды? (Мияу, мияу).<br><br>Балалардан мысыққа қалай күтім жасайтынын сұрайды, білмесе айтады<br><br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>Тікірейіп құлағы<br><br>Менен бұрын тұрады.<br><br>Бойын жазып, керіліп,<br><br>Беті-қолын жуады.<br><br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>**Д/О: «Мысық жақсы көретін тағамын таңдап алу»** | Мақсаты.<br>Балаларды М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңінің үзіндісімен таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркем сөзбен бейнелеуге жаттықтыру.<br>Қызыл,сары, жасыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>О, Алақай, тамаша!<br>Шашу шашты жапырақ.<br><br>(сөйлемді дамыту) –<br><br>Балалар, жапырақтар қандай әдемі болып ұшып жатыр. Олар неткен көп. Бейне бір жерге әдемі кілем төсеп қойғандай. Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін алақан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **К/ О: «Тышқандар мен мысық» №16** | арқылы салып көрейік.<br>(сурет салу)<br>**№9 «Әдемі кілемшелер»** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | **Сруен кешені №8**<br>-желді бақылау<br>- ағаштардың тербелуін, бұтақтардың майысуын, ағаштардан жапырақтардың ұшуын бақылату. Желдің түрлерімен таныстыру. (қатты, ақырын, ал күзде суық жел)<br>Көркем сөз:<br>Жел еседі бетімізге,<br>Тербеледі ағаштар<br>Кіп,кішкене ағаштар<br>Біп-биік боп өседі.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Шкафтарын тауып көрсетуге, балалардың реттілікпен киімдерін шеше білуге баулу, дербес ойын әрекеті.<br>**Артикуляциялық жаттығу( медбикенің нұсқауымен)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі.<br>**Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу,сүлгінің орнын білу,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану)<br>**Тамақтану (**өз орнына отыру,дұрыс отыру,ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенд сөйлемеу,алғыс айту) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Салқын суды сүйеміз.<br>Тазарады бетіміз<br>Жуынамыз күнде біз,<br>Әп-әдемі баламыз. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату,жасау,ұйқыға жатқызу ( **тыныш музыка тыңдау)** .Ертегі айту,кітап оқу **(көркемдік қызмет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығуы №8** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс;әдеп ережесі.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру,дұрыс отыру,ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу,алғыс айту) | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Қ/О«Ұшты-ұшты»**<br>**№20**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативтік, ойын әрекеті) | | **Ойын «Сымсыз телефон»**<br>(Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті) | **Ойын:** «Моншақтар тіземіз»<br>**Мақсаты:**<br>Түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасы дамыды. | «Сиқырлы баулар»бауларын дұрыс байлауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Софияға қасықты оң қолмен дұрыс ұстауға үйрету. | | Айзереге мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға үйрету. | Дияна мен Еламанға сөзбен немесе қысқа сөз тіркесімен өз өтінішін білдіруге үйрету. | Балаларға қарапайым құрылыстарды құрастыруға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну.серуенге шығу.Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау,ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау**(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары,үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Балалармен жеке әңгімелесу; «Отбасында кімдер тұрады?», «Сен жақсы көретін ойыншығың қалай атала | | | | |
| | **Қимылды ойын:** «Тышқандар мен мысық» №16<br>**Мақсаты:** Түрлі қимылдар жасауға машықтанады» және т.б.<br>**(Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі)** | | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу<br>**Мақсаты:** « Күз» мезгіліне байланысты суреттер қарастыру<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет** | **Қимылды ойын:**<br>«Кішкене шарды өз жалаушаңа қарай домалат»№19<br>**Мақсаты:**<br>Жалаушаға шапшаң<br>жетуге<br>дағдыландыру.<br>**Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** | Д/о: «Мен бастаймын сен аяқта»<br>**Мақсаты:**Сөздегі дыбыстарды, сөздерді дұрыс айту.<br>**коммуникативтік әрекет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну | | Құстарға үйшік жасауды ұсыну | Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | Балаларды үйге сұрануға үйрету.<br>«Сау болыңыз!» |